

«КЕЛІСІЛДІ»

«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы»

ҚММ директорының м.а.

З. Утепова

2023 ж.



«БЕКІТЕМІН»

«Өскемен жоғары

политехникалық колледжі»

ҚМҚК директоры

М. Исин

2023 ж.



«Өскемен жоғары политехникалық колледжі» ҚМҚК 70 жылдығына арналған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру оқу орындарының студенттері арасында жалпы кәсіптік пәндер бойынша «Энергетика біздің айналамызда» атты халықаралық онлайн-олимпиаданы өткізу туралы

ЕРЕЖЕ

Өскемен қ., 2023 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже мақсаттар мен міндеттерді, өткізу тәртібін, ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етуді, қорытындыларды шығаруды және жеңімпаздарды марапаттауды айқындайды.

1.1 «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК-ның 70 жылдығына арналған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің оқу орындарының студенттері арасында жалпы кәсіптік пәндер бойынша «Біздің айналамыздағы энергетика» халықаралық онлайн-олимпиадасы (*бұдан әрі - Олимпиада*) электр энергетикасы бағытындағы оқытушылардың облыстық әдістемелік бірлестігінің жылдық жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.2 Олимпиаданың қатысушылары мемлекеттік және орыс тілінде оқытатын техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беру жүйесі оқу орындарының 2 және 3 курс студенттері.

1.3 Олимпиада 3 турда мемлекеттік және орыс тілдерінде өткізіледі.

1.4 Өткізу күні – **2023 жылғы 30 наурыз**.

Өткізу формасы: қашықтан, Google Meet платформасында

Қатысушыларды тіркеу: сағат 12.30-дан бастап (Астана қ. уақыты бойынша)

Олимпиаданың басталу уақыты: 13 сағат 00 минут (Астана қ. уақыты бойынша)

2. ОЛИМПИАДАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты - электротехника, электр машиналары және трансформаторлар, сызу, техникалық механика сияқты жалпы кәсіптік пәндерді оқуға қызығушылықты арттыру.

2.2. Міндеттері:

- студенттердің шығармашылық қабілеттерін ашу;
- студенттердің жалпы кәсіптік пәндер бойынша білімдерін кеңейту;
- студенттердің кәсіби қызметте ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық өнімдерді пайдалануға қызығушылығын жандандыру;
- оқу орны педагогтарының, түлектердің, өңірдің өнеркәсіптік кәсіпорындары қызметкерлерінің өмірі мен қызметі мысалында жастарды тәрбиелеу;
- студенттердің кәсіби-бағдарлы білім алуына жәрдемдесу.

3. ОЛИМПИАДАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. Олимпиаданың ұйымдастырушылары: «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК, жалпы кәсіптік пәндер оқытушылары.

3.2. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу бойынша басшылықты ұйымдастыру комитеті (*бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті*) жүзеге асырады, оның құрамына: «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ әдіскерлері, облыстық әдістемелік бірлестіктің төрағасы, «Өскемен жоғары политехникалық колледжі»

КМЖК жалпы техникалық пәндер оқытушылары, Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ оқытушылары.

3.3. Ұйымдастыру комитетінің қызметі:

- Олимпиаданың ережесі мен бағдарламасын әзірлейді;
- Олимпиаданы дайындау мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- Олимпиада тапсырмаларын дайындайды және бекітеді, олимпиада басталғанға дейін тапсырмалардың құпиялылығы үшін толық жауап береді;
- Олимпиадаға қатысушылардың жұмысын бағалау критерийлерін әзірлейді;
- Олимпиада материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді;
- Олимпиадаға байланысты басқа да мәселелерді шешеді.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы

1. Утепова З.Ш. – «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ директорының орынбасары;

2. Абдильдинава Г.С. - электр энергетикасы бағытындағы оқытушылар ОӘБ төрайымы;

3. Проходова Л.А. - «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті» КЕАҚ аға оқытушысы;

4. Сарсенова А.А - «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті» КЕАҚ аға оқытушысы;

5. Даирбекова А.Е. – «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМЖК директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;

6. Кляузэр Н.В. – «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМЖК «Электротехника» пәнінің оқытушысы;

7. Салихов Е.С. – «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМЖК «Сызу» пәнінің оқытушысы;

8. Құдайберген Э.Е. – «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМЖК «Сызу» пәнінің оқытушысы;

9. Кузнецов Ю.А. – «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМЖК «Техникалық механика негіздері» пәнінің оқытушысы.

Байланыс телефондары: Кляузэр Наталья Валерьевна 8 705 711 42 44,
Даирбекова Адема Ерлановна 8 777 152 57 24.

4. ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Әр колледж 3 студенттен аспайтын қатысушыларды ұсынады.

4.2. Олимпиада тапсырмалары келесі пәндер бойынша оқу бағдарламаларымен қарастырылған материалдар көлемінде құрастырылған:

✓ Жалпы кәсіптік пәндер бойынша тест тапсырмалары («Электротехниканың теориялық негіздері», «Сызу»)

✓ «Техникалық механика негіздері» пәні бойынша есептеу-графикалық жұмысты орындау.

✓ Турақты ток электр машиналарының параметрлерін есептеу.

4.3. Олимпиада үш турдан тұрады. Бағалау балдық жүйе бойынша жүзеге асырылады.

Бірінші тур - компьютерлік тестілеу, онлайн-платформада

<https://onlinetestrad.com/ru>

Тестілеу сұрақтары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен колданыстағы үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жасалады және «Электротехниканың теориялық негіздері», «Сызу» пәндерін білуді көздейді.

№	Бірінші кезең тапсырмаларының критерийлері
1	Бағалау критерийлері Электротехниканың теориялық негіздерінің негізгі ұғымдарын білу (тұрақты ток, айнымалы ток, магниттік тізбектер) Сызу бойынша негізгі ұғымдарды білу (осытер, проекция, кесу, сызық түрлері, сызбаны жобалау)
2	Тестілеу тілі (таңдау) Орыс Қазақ
3	Тесттегі сұрақтар саны 30 сұрақ
4	Тапсырманы орындау уақыты 30 мин
5	1 дұрыс жауап 1 балл
6	Тест үшін ең жоғары балл саны 30 балл
7	Тесттен өту әрекеттерінің саны 1 әрекет

Ескерту: бірдей нәтиже болған жағдайда жауап беруге аз уақыт жұмсаған қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Екінші тур – «Техникалық механика негіздері» пәні бойынша есептеу-графикалық орындау.

Олимпиаданың барлық қатысушылары екінші турға қатысуға жіберіледі. Тапсырманы орындау үшін техникалық механиканың негіздерін білу қажет.

№	Екінші кезең тапсырмаларының критерийлері
1	Бағалау критерийлері Шешімнің толықтығы Фигуралардың параметрлерін анықтаудың дұрыстығы Стандартты емес фигураның ауырлық орталығын анықтаудың дұрыстығы
2	Тестілеу тілі (таңдау) Орыс Қазақ
3	Тапсырманы орындау уақыты 15 мин
4	Жұмыс үшін ең жоғары балл саны 15 балл
5	Әрекет саны 1 әрекет

Ескерту: бірдей нәтиже болған жағдайда шешім қабылдауға аз уақыт жұмсаған қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Үшінші тур - тұрақты ток электр машиналарының параметрлерін есептеу.

Олимпиаданың барлық қатысушылары үшінші турға қатысады. Тапсырманы орындау үшін тұрақты ток электр машиналарының негіздерін білу қажет.

№	Үшінші кезең тапсырмаларының критерийлері
1	Бағалау критерийлері Тұрақты ток электр машиналарының параметрлерін анықтай білу Қозғалтқышты қоздыру тәсілдерін дұрыс анықтау.
2	Тестілеу тілі (таңдау) Орыс

	Қазақ
3	Тапсырманы орындау уақыты 30 мин
4	Жұмыс үшін ең жоғары балл саны 28 балл
5	Әрекет саны 1 әрекет

Ескерту: бірдей нәтиже болған жағдайда шешім қабылдауға аз уақыт жұмсаған қатысушы жеңімпаз болып танылады.

4.4. Олимпиада басталар алдында барлық жұмыстар қазылар алқасының мүшелерімен шифрланады және тексеріледі, ал баллдарды тексергеннен және қойғаннан кейін шифрланады.

4.5. Олимпиада барысында қатысушыларға қойылатын талаптар:

-кандай да бір әдебиетті (кітаптар, сайттар және т. б.) пайдалануға тыйым салынады;

- Олимпиада кезінде экраннан кетуге немесе өшіруге рұқсат етілмейді;

- электрондық құрылғылар мен байланыс құралдарын (ұялы телефон және т.б.) пайдалануға тыйым салынады.

Көрсетілген талаптар бұзылған жағдайда қатысушының осы кезеңдегі орындайтын жұмысы «0» баллмен бағаланады.

4.6. Кешіккендер және тіркеуден өтпеген тұлғалар олимпиадаға қатысуға жіберілмейді.

5. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

5.1. Олимпиада нәтижелері өткізілген күні хабарланады.

5.2. Халықаралық олимпиаданың жеңімпазы ең жоғары балл жинаған қатысушы болады.

5.3. Халықаралық олимпиада жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

5.4. Олимпиада жүлдегерлерін дайындаған оқытушыларға «ШҚО кәсіптік білім беру» КММ Аяғыс хаттары тапсырылады.

5.5. Қатысушылар олимпиадаға қатысқаны үшін сертификаттар алады.

Ескерту:

- I дәрежелі диплом: 73-67 балл;

- II дәрежелі диплом: 66-52 балл;

- III дәрежелі диплом: 51-39 балл;

- қатысқаны үшін сертификаттар: 38 балл және одан аз.

6. ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ

6.1. Облыстық олимпиадаға қатысуға өтінімдер **2023 жылдың 25 наурызына дейін** келесі электрондық мекенжайға қабылданады: miushka@mail.ru (1 қосымша).

6.2. **2023 жылғы 25 наурыздан** кейін жіберілген өтінімдер тіркелмейді.

6.3. Тіркеуді жіберу туралы ақпараттарды келесі телефон нөмірлері арқылы білуге болады (WhatsApp):

Кляузнер Наталья Валериевна * - 8 705 711 42 44;

Дайрабекова Адема Ерглановна - 8 777 152 57 24;

Абдилдынова Гульдана Сиязбековна – 8 777 666 09 50.

1 қосымша
(Өтінім нысаны)

Халықаралық онлайн-олимпиадаға қатысуға өтінім

Олимпиадаға қатысушының аты-жөні (толық, жеке басын күзандыратын құжат бойынша)	
WhatsApp-қа қосылған байланыс нөмірі	
Олимпиадаға қатысу тілі	
Оқу орнының атауы, мекенжайы	
Жетекшінің аты-жөні	
(лауазымы, байланыс телефоны, электрондық мекенжайы)	